

Білім беру сапасын қамтамасыз етудің ұлттық жүйесі

*Өмірбаев С.М. – Astana IT University
бірінші проректоры, профессор*





Білім беру сапасын қамтамасыз етудің ұлттық жүйесі



Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі

«білім беру сапасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкестігін белгілеудің институционалдық құрылымдары, рәсімдері, нысандары мен әдістерінің жиынтығы»

«Білім туралы» ҚР Заңы, 1-бап, 14) бап.




Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің негізгі мақсаты - халықаралық деңгейде және еңбек нарығында білім беру жүйесі мен азаматтардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін білім беру сапасына қол жеткізу.





Білім беру сапасын қамтамасыз етудің ұлттық жүйесі



Сапаны қамтамасыз етудің ұлттық жүйесі - бұл өздеріне тән тетіктермен, құралдармен және әдістермен өзара байланысты және өзара әрекеттесетін сапаны қамтамасыз ету деңгейлерінің жиынтығы

Ұлттық сапаны қамтамасыз ету жүйесі ESG-ге ұқсас үш деңгейден тұрады:

01

сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі

02

сапаны сыртқы қамтамасыз ету жүйесі

03

сапаны қамтамасыз ету Агенттіктеріне арналған сапаны қамтамасыз ету жүйесі




Жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің қазақстандық моделі





Жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің қазақстандық моделі



Жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің қазақстандық моделінің (ЖБСҚҚМ) негізін **сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі** құрайды.

ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында «**білім беру сапасын қамтамасыз етудегі негізгі рөл жоғары оқу орындарының өздеріне, ішкі бағалаудың сыртқы бағалау стандарттарына сәйкестігіне беріледі**» - делінген.



Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесімен академиялық сапаға қол жеткізудің индикаторы **жоғары оқу орнының академиялық беделі** болып табылады.



Академиялық бедел - бұл жоғары оқу орны туралы, оның академиялық қасиеттері: жетістіктері, артықшылықтары мен кемшіліктері негізінде қалыптасатын қоғамдастық субъектілерінің және (немесе) жалпы қоғамның әртүрлі санаттарының пікірі.

● ● ● Жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің қазақстандық моделі

Жоғары оқу орнының академиялық беделі - білім беру нарығындағы жоғары оқу орнының мәртебесі мен беделінің маңызды индикаторларының бірі.

Академиялық беделді бағалаудың түрлі әдістері бар, мысалы, университеттердің әртүрлі рейтингтері.

Академиялық беделдің өзіндік **құндылықтары** бар.

Академиялық бедел өзінің білім беру қызметінің **«қабылданған сапасын»** объективті сападан кем емес көрсетеді.

Академиялық бедел стейкхолдерлердің сұраныстарына сәйкес өлшенеді:



студенттер



оқытушылар



қызметкерлер



бұрыңғы
студенттер



мемлекеттік
қызметкерлер



бизнес



Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі

ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының 34-тармағы мынаны анықтайды: «білім беру қызметінің сапасын арттыру мақсатында ЖОО білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін құрады ...».

Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі – өзара байланысты және өзара әрекеттесетін сапаны қамтамасыз ету саясаты мен стандарттарының, білім беру сапасын басқару құралдары мен әдістер жиынтығы.




ЖОО-да сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің болмауы оны тәуекел тобына жатқызады, өйткені ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы №166 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 116 бірлескен бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары және білім беру жүйесіне тексеру парақтарына сәйкес бұл елеулі бұзушылық ретінде сараланады.

Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG–исиджи) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім сапасын қамтамасыз ету үшін **халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделуі керек.**



Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі



Жоғары оқу орнының сапасын қамтамасыз ету жүйесі оның **миссиясы мен даму стратегиясына сәйкес** әзірленеді.

Сапа тұжырымдамасы мыналарды көрсетеді:

университетте жоғары білім
сапасы жалпы түсіну

сапаны қамтамасыз етудің мәні

сапаны қамтамасыз ету
менеджменті (сапа мәдениеті
басшылықтың бейілділігі
қызметкерлерді
жауапкершілігіне жіетілдіру)

сапаны ішкі қамтамасыз ету
әдістемесі

сапаны қамтамасыз етудің
негізгі қағидалары

сапаны қамтамасыз етудің
негізгі құндылықтары



Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі



Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің элементтері: сапаны қамтамасыз ету Саясаты, сапаны ішкі қамтамасыз ету Стандарттары, сапаны қамтамасыз ету құндылықтары мен қағидалары, сапаны қамтамасыз ету тетіктері мен құралдары (индикаторлар мен өлшемдер), сапаны қамтамасыз ету жүйесін басқару

Жоғары оқу орындары **ішкі қамтамасыз ету стандарттарын** дербес әзірлейді.

Сапаны ішкі қамтамасыз етудің жоғары оқу орындарына арналған стандарттарын әзірлеу кезінде ұлттық басымдықтарды, ерекшеліктерді және жоғары білім беру жүйесі шешетін міндеттерді ескеру қажет.

«Сапаны қамтамасыз ету саласындағы Саясат» атты 1-стандарт сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды және «сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбестік» қағидатын, сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін әкімшілендіретін арнайы құрылымдық бөлімше құруды көрсету керек.

«Бағдарламаларды әзірлеу және бекіту» атты 2-стандарт академиялық және басқарушылық дербестік, білім беру бағдарламаларын әзірлеу, қарау, бағалау мен бекітудің қабылданған алгоритмі, білім беру бағдарламаларын әзірлеумен айналысатын Академиялық комитеттердің болуы, білім беру бағдарламаларын республикалық ББ тізіліміне енгізу рәсімін көрсетуі керек.

«Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау» атты 3-стандартқа Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес формальды, формальды емес және ақпараттық білім беру нәтижелерін тану қағидаттарын енгізу толықтай мүмкін болды (ҚР ҰҚ 2023ж.28.03. №248 қаулысы, 2-тарау. Өмір бойы оқытуды дамыту).

«Оқытушылар құрамы» атты 4-стандарт ҚР Еңбек Кодексінің және т.б. заңнамалық ерекшеліктерін көрсетуі керек.



Жоғары білім сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінің өлшемдері мен көрсеткіштері

Индикатор-лар	№	Өлшемдер	№	Көрсеткіштер
Контингент сапасы	1.1	Стейкхолдерлерді ББ-н әзірлеуге қатыстыру дәрежесі	1.1.1.	ББ 3 және одан да көп стейкхолдерлердің (ПОҚ, жұмыс берушілер, білім алушылар және т.б.) қатысуымен әзірленген
			1.1.2.	ББ 2-ден кем емес стейкхолдерлердің (ПОҚ, жұмыс берушілер, білім алушылар) қатысуымен әзірленген
			1.1.3.	ББ 2-ден кем стейкхолдерлердің (ПОҚ, жұмыс берушілер, білім алушылар) қатысуымен әзірленген
	1.2	ББ-ның ҰБШ, СШК, КС, ММББС-мен келісімділігі	1.2.1.	ББ-ның мазмұны ММББС-на сәйкес келеді
			1.2.2.	Оқыту нәтижелері Ұлттық біліктілік шеңберінің дескрипторларымен байланыстырылады
			1.2.3.	Оқыту нәтижелері Салалық біліктілік шеңбері/кәсіби стандарттармен байланыстырылады
	1.3	ББ ОН-н тұжырымдаудың барабарлығы	1.3.1.	Оқу нәтижелері ББ-ның контексті мен деңгейін көрсетеді
			1.3.2.	ББ-ның оқыту нәтижелері өлшенеді
			1.3.3.	ББ-ның оқыту нәтижелері түлектің құзыреттілік деңгейін көрсетеді
	1.4	ББ-ның тәжірибеге бағдарлану деңгейі	1.4.1.	ББ-ндағы тәжірибеге бағдарланған пәндердің үлесі (тәжірибені ескерумен)
			1.4.2.	Тәжірибелердің базалармен қамтамасыз етілуі
			1.4.3.	ББ-нда сертификаттық бағдарламалардың/курстардың (оның ішінде микроквалификациялардың) болуы
	1.5	Нормативтік, оқу- және ғылыми-әдістемелік әзірлемелермен қамтамасыз етілуі	1.5.1.	Академиялық құжаттаманың толықтығы (ІНҚ)
			1.5.2.	ББ бойынша оқу-әдістемелік әзірлемелердің толықтығы (силлабустар, әдістемелік материалдар, көрнекі материалдар, бағалау материалдары (оның ішінде электрондық))
			1.5.3.	ББ бойынша ғылыми-әдістемелік әзірлемелердің толықтығы
	1.6	ББ-н сыртқы бағалау нәтижелері	1.6.1.	ББ-н аккредиттеудің болуы
			1.6.2.	Халықаралық рейтингтерге (QS, The, ARWU) қатысу
			1.6.3.	Отандық рейтингтерге (Атамекен) қатысу



Жоғары білім сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінің өлшемдері мен көрсеткіштері

Индикаторлар	№	Өлшемдер	№	Көрсеткіштер
Контингент сапасы	2.1.	Қабылдау динамикасы мен құрылымы	2.1.1.	Контингенттің өсу динамикасының болуы
			2.1.2.	«Алтын белгі» белгісіне ие болған студенттер үлесі
			2.1.3.	ҰБТ баллы бар бакалаврлар үлесі
	2.2.	Білім алушылардың үлгерімі	2.2.1.	Медианалық бағалаудың барабарлығы
			2.2.2.	Студенттерді оқуды бітіруге дейін жеткізу үлесі
			2.2.3.	Жоғары стипендия, гранттар иеленген студенттер үлесі
	2.3.	Білім алушыларды интернационалдандыру дәрежесі	2.3.1.	Шетелдік студенттер үлесі
			2.3.2.	Академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысушы студенттер үлесі
			2.3.3.	Бірлескен, қос дипломды ББ-на қатысушы студенттер үлесі
	2.4.	Студенттердің ғылыми іс-шараларға қатысуы	2.4.1.	Халықаралық олимпиадалар, ғылыми жобалар байқауларында жүлделі орынға ие болған студенттер үлесі
			2.4.2.	Республикалық олимпиадалар, ғылыми жобалар байқауларында жүлделі орынға ие болған студенттер үлесі
			2.4.3.	Ғылыми және инновациялық жобаларға қатысушы студенттер үлесі



Жоғары білім сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінің өлшемдері мен көрсеткіштері

Индикаторлар	№	Өлшемдер	№	Көрсеткіштер
Қызметкерлер сапасы	3.1.	Қызметкерлерді қабылдау тәртібі	3.1.1.	ПОҚ-ды қабылдаудың құжатталған рәсімінің болуы
			3.1.2.	Байқау жарияланған бір орынға үміткерлер саны
			3.1.3.	Кәсіби сертификаттар мен КК сертификаттары бар ПОҚ үлесі
	3.2.	Қызметкерлердің сапалы құрылымы	3.2.1.	ББ/даярлау бағыты бөлінісінде ПОҚ дәрежелілігінің үлесі
			3.2.2.	«Болашақ» бағдарламасын тәмамдаған ПОҚ үлесі
			3.2.3.	Ағылшын тілін меңгерген ПОҚ үлесі
			3.2.4.	Оқытушы-тәжірибешілдердің үлесі
			3.2.5.	«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын иеленген ПОҚ үлесі
	3.3.	Қызметкерлердің ғылыми және инновациялық белсенділігі	3.3.1.	Өнертабыстарға патенттер, куәліктер және зияткерлік меншік құқық иеленген ПОҚ үлесі
			3.3.2.	Мемлекеттік қаржыландыру, бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру гранттарын, шаруашылық-шарттық және бастамашыл жобаларды іске асыруға қатысушы ПОҚ үлесі
			3.3.3.	Жоғары рейтингтік журналдарда ғылыми жарияланымдары бар ПОҚ үлесі
	3.4.	Қызметкерлерді интернационалдандыру	3.4.1.	Ұтқырлық бағдарламаларына қатысушы ПОҚ үлесі
			3.4.2.	Халықаралық жобалар мен бағдарламаларға қатысушы ПОҚ үлесі
			3.4.3.	Тартылған жетекші шетелдік мамандардың үлесі
	3.5.	Оқыту сапасын қамтамасыз ету	3.5.1.	Білім алушылардың ПОҚ-ды бағалау деңгейі
			3.5.2.	ПОҚ бөлінісінде білім алушыларды бағалау медианасының деңгейі
			3.5.3.	Білім алушылардың оқу жетістіктерін сыртқы бағалау бойынша бағалау деңгейі




Жоғары білім сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінің өлшемдері мен көрсеткіштері

Индикаторлар	№	Өлшемдер	№	Көрсеткіштер
Инфрақұрылым сапасы	4.1.	Ресурстық қамтамасыз етудің жеткіліктілігі	4.1.1.	Аудиториялық қордың жеткіліктілігі
			4.1.2.	Жатақханаларда орындардың жеткіліктілігі
			4.1.3.	ЖОО-да бейіндер бойынша мамандар даярлау үшін қажетті бірегей жабдықтың болуы
			4.1.4.	Оқу және ғылыми әдебиет қоры, оның ішінде электрондық жеткізгіштерде
			4.1.5.	Медициналық орталықтардың/бекеттердің болуы
			4.1.6.	Қоғамдық тамақтану нысандарында орындар жеткіліктілігі
			4.1.7.	Студенттік ғимараттар және құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі
	4.2.	Техникалық сүйемелдеу деңгейі	4.2.1.	ЖОО-да оқу үдерісін сүйемелдеу жүйелерінің (LMS, онлайн тұғырнамалар) болуы
			4.2.2.	Wi-Fi қызметі, Интернет жылдамдығы
			4.2.3.	Прокторинг, сондай-ақ бірегейлікті тексеру/плагиат жүйелерінің болуы
			4.2.4.	Лицензиялық бағдарламалық өнімдердің болуы
	4.3.	Инфрақұрылымның инклюзивтілігі	4.3.1.	Нысандарға кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету
			4.3.2.	Инклюзивті оқыту үшін әдістемелік жағдайлардың болуы
			4.3.3.	Инклюзивті оқыту үшін жабдықтардың, ұйымдастырушылық жағдайлардың болуы
	4.4.	Бизнес-процестерді автоматтандыру деңгейі	4.4.1.	Құжатталған бизнес-процестердің болуы
			4.4.2.	Процестерді сүйемелдеу корпоративтік жүйесінің, электрондық құжат айналымы жүйесінің болуы
			4.4.3.	Шешімдер қабылдау жылдамдығы
	4.5.	Инфрақұрылымның студентке бағдарлануын қамтамасыз ету	4.5.1.	Білім алушылардың инфрақұрылымды басқаруға қатысу деңгейі
			4.5.2.	Білім алушылардың сабақтан тыс уақытта демалуына және жұмыс істеуіне арналған арнайы аймақтардың болуы
			4.5.3.	Кампус ішіндегі қызметтердің білім алушылар үшін қолжетімділігі



Аккредиттеу агенттіктерінің қызметін реттеу құралдары





**НАЗАР ҚОЙЫП
ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗ ҮШІН РАХМЕТ!**